

**Математика пәні мұғалімдеріне арналған «Математикалық регата»
облыстық олимпиадасын өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1. Математика пәні мұғалімдеріне арналған «Математикалық регата» облыстық олимпиадасын (бұдан әрі - олимпиада) өткізу туралы Ережесі Олимпиаданы ұйымдастыру, өткізу және қатысу тәртібін, оның ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдауын және Олимпиаданың жеңімпаздарын анықтау тәртібін реттейді.

Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңына» Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірледі.

2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері

2.1 Мақсаты: педагогтің кәсібі қызметінде жоғары нәтижелерге жетуде ұмтылысын арттыру.

2.2. Міндеттері:

- мұғалімдердің кәсіби дағдыларын жетілдіру, шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдерді анықтау, оларды қолдау және ынталандыру;
- мұғалімнің қоғамдағы имиджін қалыптастыру, бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- мұғалім мамандығының мәртебесін өсіру.

3. Олимпиаданың қатысушылары

3. Олимпиадаға облысымыздың білім беру ұйымдарының барлық түрлері мен типтерінің математика пәні мұғалімдері қатыса алады.

Олимпиада кезеңдері:

I кезең – қалалық, аудандық кезеңі 17-20 ақпан аралығы;

II кезең – облыстық кезеңі 27 ақпан күні өткізіледі, аудан, қаладан олимпиадаға құрамы 4 (төрт) адамнан тұратын бір команда, облыстық мектептерден жеке немесе бірлескен бір команда ұсына алады.

III кезең – Республикалық, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы өткізеді.

4. Олимпиаданы өткізу мерзімі

4.1 Олимпиада жыл сайын ақпан айында өткізіледі.

4.2 Сұраныстарды қабылдау 20-21 ақпан аралығында.

5. Олимпиаданың өткізілу тәртібі

5.1 Олимпиада төрт кезеңнен өтеді. Әр кезең – үш тапсырманың ұжымдық шешімінен тұрады. Бірінші тапсырма – математикалық анализ негіздерінен немесе алгебрадан тұрады, екінші тапсырма – геометрия, үшінші тапсырма – логикалық, комбинаторикалық немесе «сандық».

5.2 Әрбір кезең барлық тапсырмалардың ұжымдық жазбаша шешімінен тұрады.

5.3 Олимпиадаға 70 астрономиялық минут ұсынылады:

10 минут I кезең тапсырмаларын шешуге;

15 минут II кезең тапсырмаларын шешуге;

20 минут III кезең тапсырмаларын шешуге;

25 минут IV тапсырмаларын шешуге.

5.4 Барлық қатысушылар үшін V кезең тапсырмаларын шешуге 60 минут ұсынылады.

5.5 Әр кезеңнің нәтижелері Олимпиада хаттамасымен толтырылады және электронды таблода көрсетіледі.

5.6 Олимпиада барысында калькулятор, ұялы телефондармен басқа да байланыс түрлерін пайдалануға тиым салынады.

5.7 Олимпиадаға соңғы 3 жылдағы жеңімпаздар жіберілмейді.

6. Олимпиада жүлдегерлері мен жеңімпаздарын анықтау тәртібі

6.1 Әр команданың алатын максималды ұпайы 90 (тоқсан) ұпайға тең.

6.2 I кезеңнің барлық шешілген тапсырмаларына команда 18 ұпай ала алады (яғни, әрбір дұрыс шешілген тапсырмаға алты ұпайдан),

II кезеңнің барлық шешілген тапсырмаларына команда 21 ұпай ала алады (яғни, әрбір дұрыс шешілген тапсырмаға жеті ұпайдан),

III кезеңнің барлық шешілген тапсырмаларына команда 24 ұпай ала алады (яғни, әрбір дұрыс шешілген тапсырмаға сегіз ұпайдан),

IV кезеңнің барлық шешілген тапсырмаларына команда 27 ұпай ала алады (яғни, әрбір дұрыс шешілген тапсырмаға тоғыз ұпайдан).

6.3 V кезеңнің барлық шешілген тапсырмалары үшін қатысушы 35 ұпай ала алады (яғни, әрбір дұрыс шешілген тапсырмаға жеті ұпайдан).

6.4 Олимпиада нәтижелерімен келіспеген жағдайда, командалар және бесінші кезеңге қатысушылар апелляцияға тапсыруға құқылы.

6.5 Командалардан және бесінші кезеңге қатысушылардан апелляцияға өтініш алған жағдайда, сараптау комиссиясы тапсырмаларды қайта тексеруді жүзеге асыра алады.

6.6 Апелляция нәтижесінде тапсырмалар көтеріліп немесе өзгеріссіз қалдырылуы мүмкін. Қарама-қайшы жағдайда тексерудің қорытындысы бойынша соңғы шешімді сараптама комиссиясының төрағасы қабылдайды.

6.7 Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері білім берудің оқу-әдістемелік орталығының I, II, III дәрежелі және «Үздік жетістігі үшін» дипломдарымен марапатталады.

6.8 Республикалық олимпиадаға жеңімпаздардан іріктелген құрамы 4 (төрт) адамнан тұратын бір команда қатысады.

7. Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті мен сараптау комиссиясы

7.1 Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізуді ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады (бұдан әрі - Ұйымдастыру комиетті).

7.2 Ұйымдастыру комитеті келесі функцияларды атқарады:

-Олимпиада қатысушыларының тәртібін бақылайды;

-Олимпиада тапсырмаларының сараптау критерийлерін әзірлейді;

-Олимпиада қатысушыларына тапсырмалар әзірлейді;

-Олимпиада қатысушылар құрамын анықтайды және олимпиада нәтижелерін техникалық өңдеуді жүзеге асырады;

-Қорытындысын шығарып, марапаттау рәсімін ұйымдастыруға қатысады;

-Олимпиада өткізу күні мен орнын, тәртібін анықтайды.

7.3 Олимпиаданың қорытындысын шығару үшін сараптау комиссиясы құрылады. Сараптау комиссиясының құрамын Ұйымдастыру комитеті анықтайды.

7.4 Сараптау комиссиясының құрамына облысымыздың математика пәні мұғалімдері, кәсіби шығармашылық конкурстарының жеңімпаздары ене алады.